

М. Зәмірбекқызы<sup>1</sup>,  
Ж. М. Бұлақбай<sup>2</sup>,  
Г.В.Чернова

<sup>1</sup>Д. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

<sup>2</sup>Санкт-Петербург Мемлекеттік университеті, Санкт-Петербург, Ресей

(E-mail: zamirbekkyzy\_m@cpi.nis.edu.kz, bulakbay\_zhannat@mail.ru,  
chernovagalina@yandex.ru)

## Білім беру жүйесін қаржыландыруды жаңғырту: болашаққа инвестиция

**Аңдатпа.** Білім беруді дамыту сұрақтары мемлекеттің экономикалық және бюджеттік саясатындағы басымдықтар қатарына енеді. Қазақстандағы білім беру жүйесіне жұмылдырылатын қаржылық ресурстарды оңтайландыру және олардың тиімділігі мен пайдаланудың нәтижелілігі ең өзекті сұрақтардың бірі болып табылады.

Мақала Қазақстандағы білім беру жүйесін реформалаудың бір мақсаты болып табылатын білім беру мекемелерін қаржылық басқаруды өзгертуді талдауға негізделеді. Қаржылық басқаруды жетілдірудің міндеті білім беру мекемелерінің бәсекеге қабылеттілігін арттыру, қаржылық есептілікті жетілдіру, қаржылық талдау мен менеджменттің заманауи әдістерін қолдану болып табылады. Зерттеу барысында Қазақстандағы білім беру жүйесін қаржыландырудағы шетелдік тәжірибенің негізінде өзгерістер енгізу мен қаржыландырудың ашықтығына және цифрландыру тұрғысынан назар аударады. Зерттеу нәтижелерін әлеуметтік ортадағы бюджет қаражатының тиімділігін арттыру мен даму бағдарламаларын дайындау барысында қолданылуы мүмкін.

**Түйін сөздер:** білім беру жүйесі, қаржылық ресурстар, реформалау, адами әлеует, бюджеттік қаржыландыру, тиімділік, цифрландыру.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2789-4320-2023-2-242-251>

### Кіріспе

Білім беру жүйесі келешектегі көшбасшыларды, зияткерлік әлеуетті және экономикалық тұрақтылықты қалыптастыру арқылы қоғамның алға қарай дамуында маңызды рөл атқарады. Дегенмен де білім беру саласын қаржыландыру көрсетілетін білім беру қызметінің сапасы мен тиімділігіне ықпал ететін басты фактор екені анық. Оқытудағы мүмкіндіктер мен технологиялық инновациялардың дамыған кезеңде білім беру жүйесін қаржыландыруды жаңғырту қажеттілік болып табылуда.

Білім беру саласын қаржыландыруды мемлекеттік бюджетке пайда әкелмейтін шығын бөлігі ретінде қарамай, керісінше экономика қаржыны жинақтауын арттырған секілді қоғам мүшелерінің адами әлеуетті жинақтауға дағдылануы керек. Жыл сайын білім беру жүйесіне республикалық бюджеттен бөлінетін қаражат көлемі артқанымен, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен (бұдан әрі-ЭЫДҰ) ұсынған қаржыландыру көлемі жалпы ішкі өнімнен (бұдан әрі-ЖІӨ) 5-6% көрсеткішке әлі де жетер емес. Қазіргі таңда Қазақстандағы білім беру жүйесіндегі қаржылық қарым-қатынастар тұрақты даму үстінде болғанымен, білім беру мекемелері қаржыны басқарудың жеткіліксіздігі секілді мәселелерге кезігуде. Білім беру саласын дамыту үшін тек мемлекеттік бюджет қаражаттарын жұмылдырудан басқа шетел тәжірибесіндегі жеке ұзақ мерзімді инвестицияларды тарту керек.

Қазақстандағы білім беру жүйесін қаржыландырудың басты көзі болып негізделген сипаттағы республикалық бюджеттік қаржыландыру табылғанымен, уақытылы түрде еңбекақыны төлеу, оқулықтарды сатып алу немесе жөндеу жұмыстарын жүргізу секілді

мәселелер әкімшіліктер мен олардың жанындағы білім беру басқармалары мен бөлімдерімен жүзеге асырылады. Қазақстанда 200 - ден астам білім беру басқармасы болғанымен, қаржыландыру қалалық, аудандық және облыстық білім беру басқармаларымен жүргізіледі. Бұл өз кезегінде қаржыландырудың ашықтығын және тиімді түрде жұмсалуын бақылауға мүмкіндік туындатпайды.

Аталған мақаланың мақсаты – Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесінің қаржылық тетігінің қаржыландыру мәселелерін зерттеу және жоғары білімнің қазіргі таңдағы қаржылық-шаруашылық дербестігін арттыруға сәйкес жаңғырту негіздеріне ықпал ететін факторларды анықтау және талдау жүргізу болып табылады. Тұрақсыз өзгерістерге негізделген экономикалық жағдайда білім беру жүйесінің қажеттіліктерін ескеру үшін білім беру жүйесін басқаруды дамыту, жауапкершілік пен уәкілеттіліктің ара жігін ажырату, әртүрлі деңгейдегі басқару функцияларын анықтау, білім беруді басқарудың жүйесін құраушыларды жаңғырту қарастырылады.

Зерттеу жұмысы барысында білім беру жүйесін қаржыландыруды жаңғыртуда шектеулі шаралар мен өзгерістерді енгізуден бөлек, мемлекеттік қаржыландыру, жеке инвестициялар, грант бағдарламалары мен серіктестік қарым-қатынастарды дамыту секілді әртүрлі аспектілерді қарастыратын кешенді ыңғайды қолдануға негізделеді. Сонымен бірге заманауи тенденциялар негізінде білім беру жүйесінің алдына қойылған міндеттер мен нәтижелікке негізделуге бағытталады.

### Әдеби шолу

Білім беру жүйесін қаржы тетігін жаңғыртумен байланысты отандық және шетелдік авторлардың еңбектері толыққанды зерттелмеген. Дегенмен де авторлар зерттеулерінде білім беру мекемелерін басқарудың қаржылық тетігін қалыптастыру үрдісі бойынша кейбір сұрақтарға әртүрлі ұсыныстар келтіреді.

Білім беру жүйесінің экономикалық мәселелерін А. Смит «Халықтар байлығының табиғаты мен себептері» атты басты трактатында білім беру жүйесін қоғамдық капитал ретінде қарастырып, алынған білім мен дағдыларды ұлттық байлықтың бөлігі ретінде көрсетеді [1, 10]. Адами әлеует теориясының дамуына Т. Шульц адамның өмір бойы жинақталған құнды қасиеттерін дамыту арқылы болашақта табыс құрылымының өзгерісіне алып келетіндігін және оның барлығы капиталды бағалауға ие болатындығын [2], Г. Беккер кез келген отбасының балаға жұмсалынған салымының келешектегі қайтарымдылығының физикалық капитал түрлерімен салыстырғанда жоғары екендігіне тоқталады [3]. Дегенмен де Л. Туроу адами әлеуетті өмір бойы үздіксіз алатын білім мен дағды ретінде қарастырмай, тек міндетті, жоғары және кәсіби білім арқылы алынған білім мен дағды деп қарастырады [4].

Келесі ғалымдардың тұжырымдамасына сәйкес бюджеттік шығындарды тиімді басқару мәселелерін Дж. М. Кейнс қарыздық шығындар арқылы қоғамды байыту мүмкіндігін қарастырып, капитал түрінде болса олардың инвестиция ретінде қабылдауға болатындығына тоқталады [5].

М. Фридманның көзқарасы бойынша ішкі қаржылық бақылаумен әртүрлі ұйымдардың қызметіндегі қаржылық және онымен байланысты аспектілерді тексеру әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы түсіндіреді [6]. Осындай тұжырымды Д. Тоун қаржылық бақылау бұл тұрақты түрдегі ұйымның заңнамаға сәйкес және тиімділігі тұрғысынан ұйымның шаруашылық қызметінің қаржылық сұрақтарын тексерудің жүйелі түрдегі үрдісі деп қолдап, ұйымның ағымдағы қызметінің қаржылық аспектілері ретінде ғана қарастырады [7].

Жоғары кәсіби білім жүйесіндегі қаржылық тетіктің дамуына әдіснамалық негізді талдау тұрғысынан Д. Джонстоун [8] білім беру жүйесіндегі «шығындарды бөлу» теориясы қызығушылық танытады. «Шығындарды бөлу» теориясына сәйкес оқуға төлемді енгізу немесе қолжетімді үлгіні кеңейтумен айқындалады. Яғни мемлекеттік мекемелер мемлекет қаражатынан бөлінетін оқу материалдары, студенттердің қажеттіліктеріне (мысалы, жалдап тұру, жол жүру ақысы) төлем алса, келесі нұсқада инфляция кезеңдерінде студенттердің гранттарын азайту немесе тоқтатуға негізделеді. Дегенмен де әлем бойынша білім беруге жұмсалатын шығындар студенттердің өзімен, олардың отбасыларымен төленетін ескеретін болсақ, үкімет пен салық төлеушілер аталған шығындардан бос болады.

Р. Блюндель білім беру мен оқытудың жеке адамға, кәсіпорындар мен тұтастай алғанда экономикаға қайтарымдылығы зерттелінсе [9], П. Друкер ХХІ ғасырда коммерциялық емес қоғамдық салалардағы (оның ішінде денсаулықты сақтау, білім беру) бекітілген қағидаттар мен теорияға негізделген менеджментті тәжірибелік тұрғыдан қолдану қысқа мерзімде озық нәтижелерді беретіндігіне тоқталып өтеді. Сонымен бірге жастардың оқытуынан бөлек жоғары мамандығы бар мамандарды үздіксіз оқытып тұру кеңінен қолданылатындығы алдын ала болжанған болатын [10, 272].

### Әдіснама

Білім беру жүйесін қаржыландыруды жаңғыртуға шолу жасау барысында зерттеу ұйымдарымен ресми түрде ұсынылған статистикалық деректер қолданылды. Бұл Қазақстанның өңірлеріндегі білім беру жүйесін қаржыландыруға жұмсалынатын қаражатты талдауды, білім беру жүйесінің әртүрлі деңгейін қаржыландыруды, білім беру саласының негізгі капиталына жұмылдырылған инвестицияны қамтиды.

Сонымен қатар шетел және жақын мемлекеттердегі қаржыландыру жүйесінің озық тәжірибесін анықтау мақсатында салыстырмалы талдау жасалынып, мемлекеттік қаржыландыру, жеке инвестициялар мен гранттық бағдарламалардың әртүрлі үлгілерімен оқып-танысуға мүмкіндік берді.

Қаржыландыру ауқымына сәйкес білім беру жүйесінің нәтижелерін талдау сәйкестендірілді. Білім берудегі жетістіктер мен қаржыландыру ауқымы арасындағы байланысты анықтау мақсатында сауаттылық деңгейі, білім алушылардың үлгерімі, жоғары білімнің қолжетімділігі секілді көрсеткіштермен сәйкестендіру жұмыстары зерттелінді.

Зерттеу нәтижелерін безендіру үшін кесте және графикалық әдістер қолданылды.

### Талқылаулар және нәтижелер

Қазақстандық білім беру жүйесінің басты мақсаты тұрақты даму мақсаттарымен айқындалған білім берудің қолжетімділігін арттыруға негізделеді. Сол себептен де білім беру жүйесінің ең соңғы сатысында азаматтардың жоғары біліммен қамтылу көрсеткіші мемлекеттегі адами капиталдың әлеуетін арттырудың басты көрсеткіші болып саналады. Тәуелсіздік алған жылдардан кейін қазіргі таңда Қазақстандағы жоғары біліммен қамту көрсеткіші 62% құрап, Грузия (64%), Италия (64%), Польша (69%) елдерімен қатар келеді. Дегенмен де аталған көрсеткіш Португалия (66%), Ресей (85%), Гонконг (81%), Германия (70%) елдерінен төменірек [11]. Бұл еңбек нарығындағы білікті жұмыс күшінің қозғалысының динамикасына да ықпал етеді. Студенттерді экспорттаудың жалпы көлемі 67% болғандықтан осы салаға жұмылдырылатын инвестицияның қысқаруына алып келеді.

Қазіргі таңда қазақстандық білімге инвестицияны жұмылдырудың төмен болуы білім беру жүйесіне жұмсалынған бюджет қаражаттарының ашық болмауы және тиімсіздігі, білім беру салаларындағы инвестициялық тәуекелдердің болуы әлі күнге дейін шешім таппаған сұрақтар қатарында болып келеді.

Бұл өз кезегінде жоғары білімге жұмсалынатын мемлекеттік тапсырыс артқан жағдайда қазақстандық жоғары оқу орындарының халықаралық рейтингтеріне алдыңғы қатардан табылауына, жоғары оқу орындарының лицензияларының айрылуы инвесторлар тарапынан салым салуға қиындық туындататынын, білім алу түріне байланыссыз (күндізгі немесе ақылы) жоғары оқу орнын бітірушілерге сапа тұрғысынан айырмашылықтың туындамауы сияқты мәселелерді туындатады.

Қазіргі таңда білім беру жүйесін қаржыландырудың нарықтық әдістерін енгізу кеңінен талқылануда, оның ішінде: білім беру несиелері, сақтандыру, салықтық жеңілдіктер, гранттар мен эндаументтер және жеке немесе заңды тұлғалардан түсетін қайырымдылық шаралары. Қосымша қаржыландыру көздерін іздеу білім беру мекемелерінің инновациялық тұрғыдан дамуына ықпал ететіндігі айқын.

Мемлекеттік бюджеттегі білім саласына жұмылдырылған шығын 2021 жылдың 12 айының қорытындысы бойынша 3,7 трлн. теңгеге жетіп, 2020 жылмен салыстырғанда 17,2% артты. Бюджет шығындардағы білім жүйесінің үлесі 20,5% құрады. Дегенмен де мемлекеттік бюджеттегі шығындар үлесі жоғары болмағанымен, 2021 жылдың үш тоқсаны бойынша - 4,8%, 2020 жылы

- 5,2%, 2015 жылы - 4,1% құраған болатын. 2020 жылдың көрсеткіштері бойынша Африка елдеріндегі білім саласына жұмылдырылған қаражат Намибия елінде -9,41%, Белизде-7,94%, ОАР-6,84% құрады.

Адами әлеуетті дамытуда білім беру саласы Қазақстандағы денсаулықты сақтау саласынан кейінгі маңызды көрсеткіштердің бірі болып табылады. 2015-2020 жылдар аралығындағы Қазақстандағы жалпы ішкі өнімдегі инвестицияның үлесі 0,3%-0,5% аралығында болды. 2021 жылдың үш тоқсанының қорытындысы бойынша ЖІӨ үлесі 0,3% құрады (Сурет 1).



Сурет 1 – Білім беруге мемлекеттік бюджеттен жұмылдырылған қаражат, трлн. теңге  
Ескерту – авторлармен [12] әдебиеттің негізінде әзірленген

Білім беру саласының негізгі капиталына жұмсалынған инвестиция көлемі 2020 жылы 301,6 млрд теңге құраған болса, 2021 жылы 293,6 млрд теңге құндық есеппен алғанда өткен жылмен салыстырғанда 2,7% төмен болды. 2019 жылы аталған көрсеткіш 201,8 млрд теңгені құрап 20,8% артқан болатын. Өңірлер тұрғысынан инвестициялардың көп бөлігі Алматы – 31,3 млрд теңге, Түркістан облысы – 22,3 млрд теңге, Шымкент – 19,9 млрд теңге, Астана қаласы 18,8 млрд теңгені құраған болатын. Инвестициялардың аз көлемі, оның ішінде 13,3 млрд теңге Қазақстанның батыс өңірлеріне жұмылдырылған болатын.

Білім беру жүйесіне 2021 жылы жұмылдырылған капитал түсімінің көп бөлігі жергілікті бюджет арқылы 97,4 млрд теңге аударылды. Кәсіпорындардың өз қаражаттарынан 40,1 млрд теңгеге дейін, ал республикалық бюджеттің 21,9 млрд теңге көлемінде қаражат жұмсалынды.

1-суреттен 2021 жылдың қорытындысы бойынша білім беру жүйесіне жұмылдырылған мемлекеттік бюджет шығындары 3,7 трлн теңгені құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 17,2% артқанын көруге болады. 2020 жылдың көрсеткіштеріне қарағанда республикалық бюджет шығындары (49,1%), жеке қаражат (9,7%), жұмылдырылған қаражат (353 есе), банк несиесі 27,2% ұлғайған (Кесте 1).

## Кесте 1

Білім беру саласының негізгі капиталына жұмылдырылған инвестиция,  
2020-2021 жылдар, млрд. теңге

№	Көрсеткіштер атауы	Жылдар		Өсім (%)
		2021	2020	
1	Республикалық бюджет	44,5	29,8	49,1%
2	Жергілікті бюджет	174,6	214,8	-18,7%
3	Жеке қаражат	53,4	48,7	9,7%
4	Банк несиесі	10,5	8,2	27,2%
5	Жұмылдырылған қаражат	10,6	0,03	353 есе
Барлығы		293,6	301,6	-2,7%

Ескерту – авторлармен [12] әдебиеттің негізінде әзірленген

2016-2020 жылдар аралығындағы білім беру жүйесінің барлық сатысына мемлекет тарапынан жұмылдырылған шығындар орташа жылдық қарқынмен 23,4% артты. 2020 жылға дейінгі өсудің орташа жылдық қарқыны 17,8% құраған болатын. Мемлекеттік шығындардың құрылымында 65,6% қаражат «мектептегі білім беру» деңгейіне жұмсалынған (Кесте 2).

## Кесте 2

Білім беру жүйесіне жұмылдырылған мемлекеттік шығынның өзгерісі

Білім беру деңгейі	2016	2020	Өзгерісі 2020/2016, %
Мектепке дейінгі	144 215 685,9	314 642 269,9	118,2
Мектептегі	705 276 547,9	1 843 683 568,7	161,0
Т және КБ	107 707 170,4	192 407 884,4	78,6
Жоғары	185 608 892,8	292 301 045,9	57,5
Біліктілікті арттыру мен қайта даярлау	12 068 752,6	42 437 390,2	251,6
Барлығы	1 155 877 049,6	2 685 472 159,2	132,3

Ескерту – авторлармен [12] әдебиеттің негізінде әзірленген

2-суреттен білім беру саласы бюджеттің 20,5% үлесін құрағанымен, ҚР ЖІӨ үлесі 2021 жылы – 4,8%, 2020 жылы – 5,2%, 2015 жылы – 4,1% құраған болатын. Білім беру саласында жұмыспен қамтылғандар саны 2021 жылы 1,5%-ға өсіп, 1,1 млн адамға жетті. Оның ішінде 64,6% жоғары білімі бар адамдардың саны – 725,6 мың, 314,5 мың адамның орта кәсіптік (арнайы) білімі, 83,7 мың адамның бастауыш, негізгі, орта жалпы немесе кәсіптік бастауыш білімі бар.

Білім беру саласындағы орташа айлық атаулы жалақы 219,2 мың теңгені құраса, 2020 жылмен салыстырғанда 24,2%-ға артты. Жалақының сатып алу қабілетінің нақты өсімі 14,3%-ды құрады. Білім беру саласындағы жалақы басқа салалар бойынша республикалық орташа деңгейден 20,5%-ға төмен. Дегенмен де қазіргі күні білім беру саласында қызмет етіп жатқан адамдардың саны артып келеді.





Сурет 2 – Білім беру саласының негізгі капиталына инвестиция, млрд. теңге  
Ескерту – авторлармен [12] әдебиеттің негізінде әзірленген

Білім беру жүйесіндегі инвестициялар құрылымындағы банктік емес қарыз қаражаттары негізінде және банк несиелері арқылы қаржыландыру мөлшері де жылдан жылға артып келеді.

*Мектепке дейінгі білім беруді қаржыландыру.* Қазіргі таңда Қазақстандағы 3 және 6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеу 98,8% құрайды. 2 және 6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеуге жеке орталықтардың санын арттыру негізінде ваучерлік тетік арқылы қаржыландыру шаралары жүзеге асырылуда. Сонымен қатар мемлекеттік және жеке серіктестіктер көмегімен мектепке дейінгі білім беруді қаржыландырудың әдістері қолданылып келеді.

*Орта білімді қаржыландыру.* Орта білім беру жүйесінде жаңартылған мазмұндағы оқытуға толығымен көшті. 2021 жылдан бастап аудандық және қалалық білім беру мекемелерін басқару мен қаржыландыру облыстық деңгейге ауыстырылуда. Бұл өңірлер арасындағы білім сапасындағы айырмашылықты төмендетуге, сонымен бірге жергілікті деңгейде жеткілікті қаржыландыруға негізделіп келеді.

Орта білім беру жүйесіндегі білім беру жүйесінің сапасын анықтау мақсатында ЭЫДҰ жүргізілетін PISA халықаралық зерттеудің қорытындысы бойынша қазақстандық 15 жастағы оқушылардың функционалдық сауаттылық деңгейі әлі де төмен. Дегенмен де аталған зерттеуге 2018 жылы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» филиалдарының оқушыларының нәтижесі алдыңғы Топ-10 мемлекеттегі оқушылардың көрсеткіштерімен сәйкес келеді. Аталған мектептердегі жан басына шаққандағы қаржыландырудың оқушылардың сауаттылық деңгейі мен үлгеріміне тікелей тәуелділігін көрсетеді.

Қазақстандағы орта білім беру жүйесінде ақылы нысандағы мемлекеттік және жеке серіктестіктер көмегімен қаржыландырылатын мектептер саны жылдан жылға артып келеді. Бұл өз кезегінде демографиялық туудың артуына байланысты бірнеше ауысымдағы мектептердегі жүктемені азайту мен мектептердің инфрақұрылымын жаңғырту мақсатында қолданылуда.

*Техникалық және кәсіптік білімді қаржыландыру.* Техникалық және кәсіптік оқытудағы мамандарды дайындау үшін бір маманды даярлаудағы жан басына шаққандағы қаржыландыру мемлекеттік тапсырыс негізінде жүзеге асырылуда.

*Жоғары білімді қаржыландыру.* Кадрларды даярлауда мемлекеттік тапсырыс көлемі артып, гранттың бағасы 1 миллион теңгеге дейін жеткен болатын. Білім беру жүйесінің деңгейіндегі қалдықты қағидат негізінде қаржыландырылатын жоғары білім сатысын қаржыландыруда тек мемлекет тарапынан ғана емес, сонымен бірге шетелдік тәжірибеде кеңінен қолданылатын жеке инвестицияларды жұмылдыру мен академиялық артықшылықтар орталықтар құру негізінде қаржыландыруды қажет етеді. Аталған әдіс арқылы әлемдік оқу орындары рейтингтерінде танылатын жоғары оқу орындары эндаумент қорлар, жеке инвестициялар, гранттар, демеушілік арқылы қаржыландырылады.

Сонымен бірге білім беру саласын қаржыландырудың негізін әртүрлі қаржылық құралдарды қолдану, қызмет нәтижелігі бойынша басқару, жан басына шаққандағы қаржыландыру, қаржыландыруды тұтынушыға сәйкес және тиімді дұрыс бөлуге назар аудару керек.

Жоғары оқу орындарындағы қашықтықтан оқытуды дамытуды жоғары білім жүйесіндегі технологиялық деңгейге көшудегі қадам ретінде қарастыратын болсақ, жоғары оқу орындарының бюджеттік қаржыландыру үлгісін студенттер саны мен білім беру траекторияларының жеке тұлғаға бағдарлануын қамтамасыз ету үшін қайта қарастыруды қажет етеді.

Қазақстандағы жоғары оқу орындар жан басына шаққандағы қаржыландыру мен грантты тағайындау негізінде жүзеге асырылады. Грантты алу үшін абитуриент Ұлттық бірыңғай тестілеуден (бұдан әрі - ҰБТ) тапсырып, тестілеуден кейін белгіленген мамандықты таңдайды. Белгіленген мамандыққа мысалға 50 грант бөлінген болса, жоғары балл жинаған 50 абитуриент жоғары оқу орынында оқуға грант алады. ҰБТ жоғары білімге қолжетімділікті қамтамасыз етудің қаржылық емес тетігінің рөлін атқаруды жалғастырып келеді. Грантты иемденген студент өзінің таңдауымен жоғары оқу орнын таңдағаннан кейін, аталған жоғары оқу орны аталған студентті оқыту үшін бюджеттен қаржыландыруға ие болады. Әрбір студенттің оқу үшін әрбір жыл үшін орташа есеппен 3,5-4 миллион теңге қаражат жұмсалады. Бұл өз кезегінде жоғары білім беру жүйесінің қызметінің тиімділігін арттыруға және «өзге де көрінбейтін қол» теориясын пайдалануға негізделген. Яғни мемлекеттік тапсырыс негізінде білім алатын оқытудың құны жоғары оқу орнындағы алатын білім беру қызметімен теңесіп, әрбір грантқа ие болатын студент үшін бәсекелестік ортаны туғызар еді. Ол өз кезегінде үздік жоғары оқу орындарындағы оқу сапасының артуына мүмкіндік беріп, ал керісінше төмен жоғары оқу орындарының жойылуына немесе оқыту сапасын арттыру бойынша шараларды қабылдауға мүмкіндік бергенімен оң нәтижелерді көрсетпейтіні анық. 2021-2022 оқу жылы 125 қазақстандық жоғары оқу орнының көп бөлігі жеке меншік түрде болып келеді. Соңғы уақытта сапалы білімді көрсетпейтін жеке жоғары оқу орындарының саны қысқарып, жоғары білімнің құнсыздануы мен дискредиттеуінің алдын алуға мүмкіндік берілуде.

Қазақстан Республикасы білім беру дамуының қағидатының негізінде «нәтижелер бойынша басқару» қағидаты негіз болу керек. Аталған қағидат арқылы бюджет негізінде қаржыландырылатын даму бағдарламасы нәтижелілік көрсеткіштердің тізімін көрсетеді. Нәтижелерді индикаторлар тұрғысынан басқаруды қолдану бюджет құралдарының жұмсалыуының тиімділігін арттыруына мүмкіндік береді.

Білім беру қызметінің тиімділігін бағалау жағдайында білім беру мекемелеріне жұмсалатын қаржының көп не аз қаражат жұмылдырылуы ғана емес, сонымен бірге жұмылдырылған қаражаттың қаншалықты тиімді және ұтымды қолданылуын қарастырады.

Қазақстан Республикасындағы нарықтық қатынастар арқылы жоғары білім беру ұйымдарын қаржыландыру бойынша қаражаттарды тарту мүмкіндігі де артып келеді. Білім беру мекемелері қосымша ақылы қызмет көрсетулер мен ерікті түрде жеке және заңды тұлғалардан қаржылық көмекті қабылдаумен де жүзеге асырылады.

Жоғарыда аталған мәселені шешу үшін қаржыландыру нормативтеріне цифрлық оқыту ортасын құруды дамыту секілді шығындарды енгізу қажеттілігі туындайды. Сонымен бірге республикалық маңызы бар қалалардағы профессорлық-оқытушылар құрамының жалақысының басқа өңірлермен салыстырғанда жоғары болуын ескеретін болсақ, қашықтықтан оқыту барысында басқа өңірдегі студенттерге қашықтықтан оқыту мүмкіндігін қарастыруды қажет етеді. Бұл өз кезегінде қала мен өңірлердегі білім сапасындағы алшақтықты болдырмауға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда көптеген қазақстандық жоғары оқу орындарында шетелдік профессорлық-оқытушылар құрамымен онлайн тәртіптегі дәрістердің өткізілуін ескеретін болсақ, аталған тәжірибені қолдануда жоғары оқу орындарына қиындық туғызбайтыны анық.

Қазақстанның үкіметі тарапынан мемлекеттік тапсырысқа ие болған үміткердің шотына білім беруге жұмылдырылатын қаражатты жіберу арқылы, студенттің бойында өз біліміне деген қызығушылықты және жауапкершілікті де арттыруға болады. Ол үшін грант иегері атанған студенттің арнайы эскроу-шот арқылы оқуын төлеу мүмкіндігі қазіргі таңдағы жоғары оқу орындары арасындағы бәсекелестікті арттыруға, білім сапасының артуына, қаражаттың ашықтығына мүмкіндік туғызады.

## Қорытынды

Мемлекеттің байлығы білім алған азаматтардың саны мен сапасына байланысты, сондықтан да білім саласына жұмылдырылған қаражат пен экономиканың өсуі бір-біріне өзара тәуелді үрдіс болып табылады. Өйткені адами әлеует келешекте материалды және қаржылық капиталды ұлғайтатыны анық.

Білім берудегі қарым-қатынастарды қайта құрылымдау нарықтық жағдайдағы білім беру жүйесін тиімді және ұтымды жүргізуді қамтамасыз етуі тиіс. Аталған мәселені бюджетпен жұмылдырылған қаражаттың тиімді қолданылуы мен жергілікті басқару органдарының бюджеттің ашықтығы негізінде жақсартуға болады.

Білім беру жүйесін қаржыландыруды жаңғырту үшін ең алдымен осы саланың ағымдағы ахуалына талдау жүргізу қажет. Ол үшін бірінші қадам ретінде келесілер қамтылуы керек:

- Білім беру жүйесіне жұмылдырылған мемлекеттік бюджетін шығынын талдау.
- Қаржылық ресурстардың тиімді пайдаланылуын талдау.
- Білім беру мекемелерінің қаржылық қажеттіліктерін анықтау және бөлінге қаражаттың сәйкестігін анықтау.

Екінші қадам ретінде қаржыландыруды жаңғыртудың стратегиялық мақсаттарын анықтап алу. Бұл білім беру жүйесінің алдында қойылған басты мақсаты мен миссиясына сәйкес міндеттерін айқындауды, қаржыландыруды жаңғыртудың басты мақсаттарын айқындауға мүмкіндік береді. Білім беру жүйесінің барлық деңгейінде басты мақсат айқындалған кезде ғана, келесі қадам ретінде заманауи тенденциялар негізінде қаржыландырудың жаңа үлгілері дайындала бастайды. Оның ішінде жеке бизнес сектормен жүзеге асырылатын серіктестік бағдарламаларды енгізу (демеушілікті және жеке серіктестіктерді жұмылдыру бағдарламасын әзірлеу, түлектердің қайырымдылық қорларын құру, жеке компаниялармен серіктестік қарым-қатынастарды құру) мүмкіндігін қарастырылады. Бұл өз кезегінде мемлекеттік қаржыландыруды нығайтуға алып келеді (стратегиялық мақсаттар негізінде білім беруді бюджеттік қаржыландыруды кеңейту, қосымша инвестицияларды қажет ететін басымдық танытатын салаларды анықтау, мемлекеттік қаражаттың бөлінуінің ашықтығын көрсететін жүйесін енгізу). Қосымша гранттық бағдарламалар мен шәкіртақыны дамыту арқылы талантты студенттер мен оқытушылардың санын арттыру. Соңғы қадам ретінде қаржыландыруды жаңғыртудың тиімділігін бағалау және үнемі мониторинг жүргізіліп тұруы керек.

Қорытындылай келе білім беру жүйесін қаржыландыруды жаңғырту жүйелі түрде жұмысты қажет ететіндігін көрсетеді. Қаржылық ресурстарды бөлу мен арттыру, жеке капиталды жұмылдыру, грант және шәкіртақы бағдарламаларын дамыту білім берудің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз етеді. Бұл келешекте мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуында жоғары білікті мамандар түрінде зияткерлік өнімді әкелетін инвестиция.

## Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Смит А. Исследование о природе и причинах богатства народов. - М: Металайбри Дижитал. Библиотека, 2007. – 10 с.
2. Шульц Т. У. Инвестиции в человеческий капитал// Американское экономическое обозрение. – 1961. -Т. 51. – С. 1-17.
3. Беккер Г. С. Человеческий капитал [Электрон. ресурс]. – 2001. - URL: <https://www.econlib.org/library/Enc/HumanCapital.html> (дата обращения: 17.04.2022).
4. Туров Л. С. Инвестирование в человеческий капитал. – М.: Белмонт, 1970. - 104 с.
5. Кейнс Д. Общая теория занятости, процента и денег. – 2013. - URL: [https://thelib.ru/books/keyns\\_d/obschaya\\_teoriya\\_zanyatosti\\_procenta\\_i\\_deneg.html](https://thelib.ru/books/keyns_d/obschaya_teoriya_zanyatosti_procenta_i_deneg.html) (Дата обращения: 17.04.2022).
6. Фридман А.М. Финансы организации (предприятия): учебник. - 2-е изд. - Москва: Дашков и Ко, 2013. - 488 с.
7. Тоқун Д.М. Система внутрифирменного финансового контроля в организации телекоммуникационной отрасли: диссертация кандидата экономических наук: 08.00.10– Москва, 2009 – 195 с.



8. Джонстон Д. Брюс. Распределение расходов в высшем образовании: плата за обучение, финансовая помощь и доступность в сравнительной перспективе// Чешский социологический обзор. - 2003. – Т.39. – С. 351 – 374. - URL: <https://www.jstor.org/stable/41131925> (Дата обращения: 17.04.2022).

9. Бланделл Ричард, Лоррейн Дирден, Костас Мегир, Барбара Сианези. Инвестиции в человеческий капитал: отдача от образования и обучения для человека, фирмы и экономики// Фискальные исследования 20. – 1999. – Т.1. - С. 1-23. - URL: <https://www.jstor.org/stable/24437656> (Дата обращения: 17.04.2022).

10. Друкер П.Ф. Задачи менеджмента в XXI веке– М.: Вильямс, 2018. – 272 с.

11. Национальный доклад о состоянии и развитии системы образования Республики Казахстан по итогам 2020 года [Электрон. ресурс]. – 2022. URL:<https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/documents/details/277692?lang=ru> (Дата обращения: 17.04.2022).

12. Основные социально-экономические показатели Республики Казахстан 1991-2021 [Электрон. ресурс]. – 2022. URL: <https://stat.gov.kz/api/getFile/?docId=ESTAT105377> (Дата обращения: 17.04.2022).

**М. Зәмірбекқызы<sup>1</sup>, Ж.М. Бұлақбай<sup>2</sup>, Г.В. Чернова**

<sup>1</sup>Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан

<sup>2</sup>Санкт-Петербургский государственный университет, Санкт-Петербург, Россия

### **Модернизация финансирования системы образования: инвестиции в будущее**

**Аннотация.** Вопросы развития образования входят в число приоритетов экономической и бюджетной политики государства. Одним из важнейших вопросов является оптимизация финансовых ресурсов, направляемых в систему образования Казахстана, их эффективность и результативность.

Статья основана на анализе изменений в управлении финансами образовательных учреждений, что является одной из целей реформирования системы образования в Казахстане. Задачей совершенствования финансового менеджмента является повышение конкурентоспособности образовательных учреждений, совершенствование финансовой отчетности, использование современных методов финансового анализа и управления. В исследовании основное внимание уделяется прозрачности и цифровизации финансирования и изменениям на основе зарубежного опыта финансирования системы образования в Казахстане. Результаты исследования могут быть использованы при разработке программ повышения эффективности использования бюджетных средств в социальной среде.

**Ключевые слова:** система образования, финансовые ресурсы, реформа, человеческий капитал, бюджетное финансирование, эффективность, цифровизация.

**M. Zamirbekkyzy<sup>1</sup>, Zh.M. Bulakbay<sup>2</sup>, G.V. Chernova**

<sup>1</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

<sup>2</sup>St. Petersburg State University, St. Petersburg, Russia

### **Modernization of education system funding: investments in the future**

**Abstract.** The issues of education development are among the priorities of the economic and budgetary policy of the state. One of the most important issues is the optimization of financial resources directed to the education system of Kazakhstan, its efficiency and effectiveness.

The article is based on an analysis of changes in the financial management of educational institutions, which is one of the goals of reforming the education system in Kazakhstan. The task of improving financial management is to increase the competitiveness of educational institutions, improve financial reporting, use modern methods of financial analysis and management. The study focuses on transparency and digitalization of financing and changes based on foreign experience in financing the education system in Kazakhstan. The results of the study can be used in the development of programs to improve the efficiency of the use of budgetary funds in the social environment.

**Keywords:** education system, financial resources, reform, human capital, budget financing, efficiency, digitalization.

### References

1. Smit A. Issledovanie o prirode i prichinah bogatstva narodov [An Inquiry into the Nature and Causes of the Wealth of Nations] (MetaLibri Digital. Library, 2007)
2. Shul'ts T. U. Investicii v chelovecheskij kapital [Investment in Human Capital], Amerikanskoe ekonomicheskoe obozrenie [The American Economic Review], 51, 1 - 17 (1961). [in Russian]
3. Bekker G. S. Chelovecheskij kapital [Human capital] Available at: <https://www.econlib.org/library/Enc/HumanCapital.html> (accessed: 17.04.2022)
4. Turov L. S. Investirovanie v chelovecheskij kapital [Investment in Human Capital] (Belmont, 1970)
5. Kejns D. Obshchaya teoriya zanyatosti, procenta i deneg [The General Theory of Employment, Interest, and Money]. Available at: URL: [https://thelib.ru/books/keyns\\_d/obshchaya\\_teoriya\\_zanyatosti\\_procenta\\_i\\_deneg.html](https://thelib.ru/books/keyns_d/obshchaya_teoriya_zanyatosti_procenta_i_deneg.html) (accessed 17.04.2022)
6. Fridman, A.M. Finansy organizacii (predpriyatiya) [Organization (enterprise) finances] (Dashkov and Co, Moscow, 2013)
7. Tokun D.M. Sistema vnutrifirmennogo finansovogo kontrolya v organizacii telekommunikacionnoj otrasli. PhD [The system of intra-company financial control in the organization of the telecommunications industry. PhD thesis]. Moscow, 2009. 195 p.
8. Dzhonston D. Bryus. Raspredelenie raskhodov v vysshem obrazovanii: plata za obuchenie, finansovaya pomoshch' i dostupnost' v sravnitel'noj perspektive [Spending distribution in higher education: tuition fees, financial aid and affordability in a comparative perspective], 39, 351 -374 (2003). Available at: <https://www.jstor.org/stable/41131925>. [in English]. (accessed 17.04.2022)
9. Blundell R., Dearden, L., Meghir, C., & Sianesi, B. Investicii v chelovecheskij kapital: otdacha ot obrazovaniya i obucheniya dlya cheloveka, firmy i ekonomiki [Human Capital Investment: The Returns from Education and Training to the Individual, the Firm and the Economy] Fiskal'nye issledovaniya 20 [Fiscal Studies 20], 1, 1 -23 (1999). Available at: <https://www.jstor.org/stable/24437656>. [in English]. (accessed 17.04.2022)
10. Druker P.F. Zadachi menedzhmenta v XXI veke [Management Challenges for the 21st Century] (Willams, 2018)
11. Nacional'nyj doklad o sostoyanii i razvitii sistemy obrazovaniya Respubliki Kazahstan po itogam 2020 goda [The National Report on the State and Development of the Education System of the Republic of Kazakhstan (as of 2020)]. Available at: <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/documents/details/277692?lang=en>. (accessed 17.04.2022)
12. Osnovnye social'no – ekonomicheskie pokazateli Respubliki Kazahstan 1991-2021 [Main socio – economic indicators]. Available at: <https://stat.gov.kz/api/getFile/?docId=ESTAT105377> (accessed 17.04.2022).

### Information about authors:

**Zamirbekkyzy M.** – Corresponding author, The 3rd year PhD student in Finance, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

**Bulakbay Zh.M.** – Candidate of Economic Sciences, Assoc. Professor of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

**Chernova G.V.** – Doctor of Economic Sciences, Professor of St. Petersburg State University, St. Petersburg, Russia.

**Зәмірбекқызы М.** – корреспонденция үшін автор, 8D04114 «Қаржы» білім бағдарламасының 3 курс докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

**Бұлақбай Ж.М.** – экономика ғылымдарының кандидаты, доценті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

**Чернова Г.В.** – э.ф.д., профессор, Санкт-Петербург мемлекеттік университеті, Санкт-Петербург, Ресей.